Мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерін көрсету шарты

№84

Түркістан қаласы 01.03.2023ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан Ереже негізінде әрекет ететін Басшы орынбасары Садыкова Ардак Мадыхановна бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын "Сарыағаш медресе колледжі" жеке мекемесі жарғы негізінде әрекет ететін Директор Сманов Динмухамет Абджаппарович, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығымен бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 69-тармағының, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 62-бабының 4-3-тармағының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің орынбасары Е. Л. Тоғжановтың төрағалығымен өткен селекторлық кеңестің 2022 жылғы 24 қаңтардағы хаттамасының 3-тармағының негізінде осы мемлекеттік білім беру қызметтерін көрсету шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты және төмендегілер жайында келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызметті(-терді) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметті(-терді) қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында олар үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

Ерекшелігі бойынша **024-015-159** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырма;

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын қызметтерді көрсету шарттары (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша)

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 15 029 000.00 (Он бес миллион жиырма тоғыз мың теңге 00 тиын) құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2. Көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есепшотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізеді.

2.3. Сандық және құндық шамадағы көрсетілетін қызмет көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

Шарттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес есептелген жылдық (2 ай) жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативінің 11,2% - ін құрайды.

2.4. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) қол қойылған Шарт;

2) көрсетілген қызметтер актісі (актілері);

3) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасы, жалпы сомасы көрсетілген шот-фактура;

4) Өнім берушінің 15-і күнгі жағдай бойынша тиісті айдағы (2023 жылғы наурыз) орта білім беру ұйымында білім алушылардың нақты контингенті туралы тізілімі (егер 15-і жұмыс істемейтін күнге түскен жағдайда тізілім одан кейінгі жұмыс күніне сәйкес жағдай бойынша ұсынылады).

Тізілім екі форматта ұсынылады:

- Microsoft Excel (.xlsx) форматында - нысаны Тапсырыс берушінің сайтында «Жан басына шаққандағы қаржыландыру» бөлімінде орналастырылған үлгіні толтыру арқылы;

- Adobe Acrobat Document (.pdf) форматында – толтырылған, қол қойылып, Өнім берушінің мөрбедерімен бекітілген тізілімді сканерлеу арқылы.

Өнім беруші тізбелердің жоғарыда көсетілген форматтарының бірегейлігін қамтамасыз етеді;

5) 2023 жылғы 01 наурыз-31 наурыз аралығында берілген және орта білім беру ұйымының объектісінде Әдістемеде көрсетілген жаңадан енгізілген оқушы орындары (А2) және/немесе тұру орындары (А3) болған жағдайда сәйкесінше 2023 жылғы қантар айлары үшін акт шығарылған кезде Тапсырыс берушіге ұсынылатын білім беру ұйымының объектісіне жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама.

2.5. Көрсетілген қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші орта білім беру ұйымдарында білім алатындардың нақты контингентіне сәйкес тиісті айға (2023 жылғы наурыз) нақты көрсетілген қызметтер үшін техникалық ерекшелікке (2-қосымша) сәйкес көлемдерде жүргізеді.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

6) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

7) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін ресімдеуге және жіберуге;

8) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға;

9) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымы мен білім алушының ата-аналары (қамқоршылары, заңды өкілдері) арасындағы білім беру қызметтерін көрсету шартына келісім беруді енгізу арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру шеңберінде білім алушылардың ата-аналарынан (қамқоршыларынан, заңды өкілдерінен) білім алушылардың дербес деректерін Тапсырыс берушіге беруге келісімді қамтамасыз етуге;

10) Ұлттық білім беру дерекқорындағы (бұдан әрі – ҰБДҚ) орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың нақты контингенті және орта білім беру ұйымының жобалық қуаттылығы туралы ақпаратты уақтылы өзектендіруге;

11) орта білім беру ұйымында білім алушылардың нақты контингенті туралы тізілімді Тапсырыс берушіге ұсынуға;

12) 2023 жылғы наурыз айлары үшін акт шығарылған кезде Тапсырыс берушіге орта білім беру ұйымының объектісінде Әдістемеде көрсетілген жаңадан енгізілген оқушы орындары (А2) және/немесе тұру орындары (А3) болған жағдайда сәйкесінше 2023 жылғы 01 наурызынан-31 наурыз аралығында берілген білім беру ұйымының объектісіне жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы беруге;

13) тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бойынша Қызметтер көрсетуге;

14) білім беру саласындағы уәкілетті органға білім беру мониторингін жүргізуге қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

15) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде білім беру қызметтерін көрсетуге тиісті қолданыстағы лицензияның болуын қамтамасыз етуге;

16) Өнім берушінің білім беру қызметтерін көрсетуге лицензиясының қолданысына байланысты білім беру қызметтерін көрсетуге тыйым салыну фактісі анықталған жағдайда Тапсырыс берушінің осындай тыйым салынған кезеңнің ішінде Өнім берушіге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырумен байланысты бюджет қаражаты есебінен кеткен шығыстарын толық көлемде өтеуге;

17) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен орта білім беру ұйымдарында оқу үшін ата-аналар төлемінің шекті мөлшерін асырмауға;

18) орта білім беру ұйымы объектісінің меншік иесі ауысқанға дейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге және мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей меншік иесінің ауысқанын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға;

19) орналасқан жері, мекенжайы немесе өзге де байланыс деректері өзгерген жағдайда олар өзгерген күннен бастап күнтізбелік он бес күннің ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге;

20) Тапсырыс берушімен Орта білім беру ұйымы объектісінің нысаналы мақсатын өзгертпеу туралы келісім жасалған жағдайда тіркеуші орган орта білім беру ұйымы объектісінің нысаналы мақсатын өзгертуге құқық ауыртпалығын құқықтық кадастрда тіркеген кезден бастап орта білім беру ұйымы объектісінің нысаналы мақсатын кемінде жиырма жыл өзгертпеуге, сондай-ақ орта білім беру ұйымының объектісін оның нысаналы мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

2) Орындау мерзімдерін Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабардар етуге;

2) Қызметті қабылдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, жұмысты қабылдаудан бас тартуға;

3) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4. Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру мониторингін жүзеге асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органға жүгінуге;

3) Өнім берушінің білім алушылардың жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып ұсынатын орта білім беру ұйымындағы білім алушылардың нақты контингенті туралы тізілімді ҰБДҚ-ның ақпаратымен салыстырып тексеру арқылы орта білім беру ұйымындағы білім алушылардың нақты контингентіне мониторинг жүргізуге;

4) Шарттың осы тармағының 2) тармақшасында көзделгендей орта білім беру ұйымындағы білім алушылардың нақты контингентіне мониторинг жүргізу үшін Өнім берушіден білім алушылардың жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, орта білім беру ұйымындағы білім алушылардың нақты контингенті туралы тізілімді сұратуға;

5) Қызметтер мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Қызметтерді мерзімінен бұрын қабылдауға және олар үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4. Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса,

Өнім беруші Тапсырыс берушінің тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, Тапсырыс берушінің хабарламасында белгіленген мерзімде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды қолданады.

4.4. Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5. Қызметтер көрсету

5.1. Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6. Кепілдік

6.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2. Өнім беруші техникалық ерекшелік (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, кемшіліктері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3. Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында белгіленген мерзімде қолдануы тиіс.

6.4. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша

тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3. Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4. Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7. Мердігердің Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да беруіне жол берілмейді.

7.8. Өнім беруші мыналар үшін:

1) Өнім беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушіге ұсынған орта білім беру ұйымындағы білім алушыларының нақты контингенті туралы тізілімнің және ҰБДҚ-ға енгізілген орта білім беру ұйымындағы білім алушыларының нақты контингенті туралы деректердің дұрыстығы үшін;

2) Өнім берушінің білім беру қызметтерін көрсетуге лицензиясының қолданысына байланысты білім беру қызметтерін көрсетуге тыйым салынған кезеңнің ішінде Тапсырыс берушінің Өнім берушіге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруымен байланысты республикалық бюджет қаражаты есебінен кеткен шығыстарды Тапсырыс беруші арқылы республикалық бюджетке толық көлемде өтеу түріндегі осы Шарттың 3.1-тармағының 16) тармақшасында көзделген міндеттерді орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.

7.9. Әлеуетті өнім беруші Шарттың 3.1-тармағының 20) тармақшасын бұзғаны үшін Тапсырыс берушімен жасалған алдын ала шартта көзделген жауапкершілікті көтереді.

7.10. Өнім беруші шартты біржақты тәртіппен бұзған немесе оны орындаудан бас тартқан жағдайда, өнім беруші орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырумен байланысты бюджет қаражаты есебінен кеткен шығыстарды республикалық бюджетке толық өтеуге міндеттенеді.

8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, 2023 жылғы 01 наурыздан бастап туындаған қатынастарға таралады және Өнім беруші осы Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болатын осы Шарттың 3.1-тармағының 15), 16), 20) тармақшаларын, 7.8-тармағының 2) тармақшасын және 7.9-тармағын қоспағанда, 2023 жылғы 31 наурызға дейін қолданылады.

8.2. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3. Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.4. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқылы.

8.5. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп:

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде қызметті көрсете алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

9. Хабарлама

9.1. Бір тарап екінші тарапқа жолдайтын кез келген хабарлама Шартқа сәйкес төленген тапсырыс хатымен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың салдары болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың салдары болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе Шарттың бұзылуына жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Бұл оқиғалар мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен ғана шектелмейді: соғыс іс-қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші дереу Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуі тиіс.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге, оның ішінде:

1) Тараптардың өзара келісімі бойынша Көрсетілетін қызметтердің бағасын және тиісінше Шарт сомасын азайту бөлігінде;

2) Шартта көрсетілген Қызметтердің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында көрсетілетін Қызметтер көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде;

3) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде көрсетілетін қызмет бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған көрсетілетін қызметтің анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда рұқсат беріледі;

4) жасалған Шарттың сомасы өзгермеу талабымен мемлекеттік бюджет есебінен жылдар бойынша қаржыландыру өзгертілген жағдайда Шартты орындау мерзімдерін өзгерту бөлігінде рұқсат етіледі.

12.4. Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5. Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

12.6. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші:	**Өнім беруші:**
"Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі Түркістан облысы, Түркістан қ., МИКРОРАЙОН 1, 24В БСН:160240017052 БСК:KKMFKZ2A ЖСК:KZ42070102KSN5801000 "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті"РММ Тел.:87253359305 Басшы орынбасары: Садыкова Ардак Мадыхановна	Жеке Мекеме «Сарыағаш Медресе Колледжі» Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жарты төбе а/о, Ынтымақ ауылы, Аппаз Ата көшесі №1 БИН/ИИН/ИИН/УНП: 130140003380 БИК: TSESKZKA ИИК: KZ669983TB0000688304 АО "First Heartland Jysan Bank" Тел.: 87253755292 Директор Смаилов Динмухамет Абдужаппарович
(қолы)	(қолы)

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты

Мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерін көрсету
шартына
1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Тапсырыс беруші атауы	**Атауы**	**Қысқа сипаттама**	**Қосымша сипаттама**	**Өлшем бірлік**	**Саны, көлемі**	**Бірлік бағасы, теңге**	**Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі**	**Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі**	**Жеткізу орындар**	**Аванс төлемінің мөлшері %, %**	**Жалпы сома, теңге**
"Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Білім беру/оқыту саласында қызметтер	Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы қызметтер	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырма	Бір қызмет	1	15 029 000.00	2023 жылдың 1 марттан 31 мартқа дейін	2023 жылдың 1 марттан 31 мартқа дейін	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Ынтымақ ауылы, Аппаз Ата көшесі 1	0	15 029 000.00

Договор услуг государственного образовательного заказа

№84

г.Туркестан 01.03.2023 г.

ГУ "Управление развития человеческого потенциала Туркестанской области", именуемое в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Заместитель руководителя Садыкова Ардак Мадыхановна, действующий на основании устава, с одной стороны, и Частное учреждение "Колледж Медресе Сарыагаш" именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Директор Сманов Динмухамет Абдужаппарович, действующая на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пункта 69 Правил размещения государственного образовательного заказа на подготовку кадров с техническим и профессиональным, послесредним, высшим и послевузовским образованием с учетом потребностей рынка труда, на подготовительные отделения организаций высшего и (или) послевузовского образования, а также на дошкольное воспитание и обучение, среднее образование и дополнительное образование детей, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 29 января 2016 года № 122 (далее – Правила), пункта 4-3 статьи 62 Закона Республики Казахстан «Об образовании», пункта 3 Протокола селекторного совещания под председательством Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Е. Л. Тугжанова от 24 января 2022 года, заключили настоящий договор услуг государственного образовательного заказа (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1. Предмет Договора

1.1. Поставщик обязуется оказать Услуги согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять оказанные Услуги и оплатить за нее на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору:
по специфике **024-015-159** Государственный заказ по подготовке специалистов в организациях технического и профессионального образования;

1.2. Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

1) настоящий Договор;
